

Кімге: Қазақстан Республикасының Қаржы министрілігі

Автордың аты-жөні мен лауазымы: Имаш Дәулет Ғабитұлы,
Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының
жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы

Орындаған күні: 24.10.2024 жыл

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Қаржы-экономика саласындағы өзекті мәселелер және оларды шешу жолдары

Кілт сөздер: қаржыны игеру, бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік сатып алу.

Кіріспе: Тәуелсіздік алған кезден бастап Қазақстан бюджет процесін қалыптастыру мен жетілдірудің ұзақ жолынан өтті, 1991-1993 жылдарды бюджет жүйесінің пайда болу кезеңі ретінде сипаттауға болады.

1991 жылғы 17 желтоқсанда «Бюджет жүйесі туралы» бірінші Заң қабылданды, онда республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру тәртібі, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың салық төлемдерін төлеу бюджетінің өзара іс-қимылының тәртібі айқындалды.

1993-1997 жылдар кезеңі халықаралық стандарттарға сәйкес жаңа бюджеттік сыныптаманы әзірлеуді және енгізуді сипаттайтын Қазақстанның бюджет жүйесінің қалыптасу кезеңі.

Осы жылдары елде салық заңнамасына, атқарушы билікті құрылымдауға, сондай-ақ 1996 жылғы 24 желтоқсанда «Бюджет жүйесі туралы» екінші Заңның қабылдануына байланысты үлкен экономикалық реформалар жүргізілді.

1998-2003 жылдар кезеңінде бюджет жүйесін реформалау жалғастырылды, мемлекеттік секторға талдау жүргізілді, оның негізінде бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар оңтайландырылды.

1999 жылғы 1 сәуірде «Бюджет жүйесі туралы» үшінші Заң қабылданғаннан кейін республикалық және жергілікті бюджеттердің арасында түсімдер мен шығыстарды бөлу заңнамалы түрде бекітілді, бұдан әрі 2004 жылғы 24 сәуірде бірінші Бюджет кодексінің қабылдануына байланысты бюджет жүйесін жаңғырту процесі басталды.

Оған барлық бюджет процесін регламенттеген, бұрын қолданыста болған заңдар («Бюджет жүйесі туралы», «Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы», «Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы») біріктірілді.

Алғашқы рет 2004 жылғы Бюджет кодексінде бюджетаралық қатынастардың мәселелері жүйелендіріліп, орта мерзімді кезеңге арналған тұрақты бюджетаралық қатынастар туралы норма қабылданды.

Осы уақыттан бастап, мынадай орта мерзімді кезеңдерге: 2005-2007 жылдарға, 2008-2010 жылдарға, 2011-2013 жылдарға, 2014-2016

жылдарға, 2017-2019 жылдарға, 2020-2022 жылдарға және 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер көлемдері туралы жеті заң әзірленді.

2007 жылы корпоративтік басқару, нәтижелілік, транспаренттілік және қоғамға есеп беру қағидаттарында мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін құру бойынша жұмыс басталды. Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым міндеттерін іске асыруға бағдарланған тұтас және тиімді мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мақсатында 2007 жылғы желтоқсанда нәтижелерге бағдарланған Мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдама бекітілді.

Бұл мемлекет қаржысын барынша тиімді басқару үшін жағдайлар мен алғышарттар жасауға, атап айтқанда, бюджет процесін бюджет ресурстарын басқарудан нәтижелерді басқаруға ығыстыруға бағытталған 2008 жылғы 4 желтоқсандағы жаңа Бюджет кодексінде көрініс тапты. Сондай-ақ мемлекеттік жоспарлаудың жаңа моделінің негізіне айналған бір жылға бюджеттік жоспарлаудан үш жылдық бюджетке көшу жүзеге асырылды.

2017 жылдан бастап Бюджет кодексіне енгізілген толықтырулар ескеріле отырып, мұнайға қатысты емес тапшылық деңгейі үш жылдық республикалық бюджет туралы заңда бекітіледі.

2022 жылы ҚР Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі №1005 Жарлығымен негізгі мақсаты қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканың сапалы және тұрақты өсуіне жәрдемдесу болып табылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді.

Дегенмен, қазіргі таңда қаржы-экономика саласында шешілмеген түйінді мәселелер бар.

Негізгі бөлім:

1-мәселе: Бюджет қаражатын жымқыру деректерінің көбеюі.

Жергілікті бюджеттің 60%-ға жуық мөлшері білім саласына бағытталады. Бұл ретте, бөлінген қаражат мектепке дейінгі, орта білім және орта білімнен кейінгі ұйымдарды күтіп ұстау, ыстық тамақпен қамтамасыз ету, оқытушы құрамға жалақы төлеу және білім беру ұйымдарының құрылысы мен жөндеу жұмыстарына жұмсалады.

Өздеріңізге белгілі, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап облыстардағы барлық білім беру ұйымдары вертикалды басқару жүйесіне көшірілді. Яғни, осыған дейін жергілікті әкімдікке қарап келген колледж, мектеп пен балабақшалар облыстық білім басқармасы қаржыландырып, басқарылып келеді.

Облыстық білім басқармаларына барлық білім беру ұйымдары тікелей бағыныстыққа болуына байланысты, оларға тиісті түрдегі бақылау орнату мүмкіндігі төмендеуде.

Жергілікті жерде білім беру ұйымдарына тиісті түрдегі бақылау орнатылмауының нәтижесінде бюджет қаражатын жымқыру деректері артып келеді.

Мәселен, Жетісу облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты бюджеттің 4,5 млрд теңгесін жымқырған Талдықорған қаласының 21 бухгалтеріне қатысты үкім шығарды. Оларға 7 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы кесілген.

Сот барысында Талдықорған білім бөлімінің бас бухгалтері білім бөлімінің 7 есепшісімен, орта мектептің 14 бухгалтерімен ұйымдасқан топ қорып, 3 жыл қатарынан бюджет қаражатын ұрлаумен айналысқаны белгілі болған.

Олар қаражатты белгіленген схема арқылы жымқырып отырған. Мектеп бухгалтерлері білім басшылығымен келісе отырып, жалған жұмыскерлерге және мектеп қызметкерлеріне белгіленген лауазымдық жалақыларынан тыс жалақы есептеп отырған. Осындай тәсілмен 4,5 млрд. теңгеден астам бюджет қаражаты жымқырылған.

Олар ұрланған қаржыны туыстарының банктік шоттарына аударып, содан кейін қылмыстық рөлдеріне сай, өз араларында бөліп отырған. Ал қаражатқа жылжымайтын мүлік, жер учаскелерін, автомобильдер, зергерлік бұйымдар және тағы басқа бағалы бұйымдар сатып алып отырған.

Ағымдағы жылы осындай деректер Астана қаласында (мемлекетке келтірілген шығын: 130 млн.), Ақтөбе (мемлекетке келтірілген шығын: 22 млн.), және Атырау (мемлекетке келтірілген шығын: 80 млн.) облыстарында да орын алған.

Осындай жағдайларды болдырмау мақсатында келесідей өзгерістерді қарастыруды ұсынамын:

1) Мемлекеттік органда жұмыс жасамайтын тұлғаларға артық қаражат аударылмауын қамтамасыз ету мақсатында «1С-Бухгалтерия» бағдарламасын «Е-Қызмет» және «Enbek.kz» ақпараттық жүйесімен интеграциялау қажет. Егер интеграция жасалған жағдайда, мемлекеттік және келісім шарт негізінде жұмыс жасайтын қызметкерлерден өзге қызметкерлерге (мемлекеттік органда жұмыс жасамайтын) төлем жасауға автоматты түрде мүмкіндік берілмейтін болады.

2) «1С-Бухгалтерия» бағдарламасын қазынашылық органдарының ақпараттық жүйесімен интеграциялау қажет. Яғни, қазынашылық органдары қызметкерлеріне мемлекеттік органдардың қаржы-экономикалық жағдайына қосымша зерделеу жүргізу функциясын жүктеу керек.

3) Мемлекеттік орган басшыларының өзіне жеке тиесілі электрондық цифрлық қолтаңбаны бухгалтерлік қызметті жүзеге асыруға өкілеттік берілген тұлғаларға беру үрдісін тоқтату керек.

4) Мемлекеттік орган басшыларының қаржылық сауаттылықтарын арттыру мақсатында қаржы-экономика бағытындағы семинар-кеңестерге жүйелі түрде жіберу қажет.

2-мәселе: Бюджеттік өтінім әзірлеу мәселелері.

«Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығына сәйкес, бюджеттік өтінімді әзірлеу барысында сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің әрбір түрі бойынша кем дегенде үш прайс-парақтары ұсынылуы қажет.

Бұл өз кезегінде тапсырыс беруші мен конкурсқа қатысатын әлеуетті өнім берушілер арасында алдын ала сөз байласу және мүдделер қақтығын тудыруы мүмкін.

Осындай жағдайларды болдырмау мақсатында келесідей өзгерістерді қарастыруды ұсынамын:

1) Мемлекеттік сатып алу веб-порталына «Бағалар модулі» функционалын енгізу қажет.

«Бағалар модулі» функционалы республика бойынша тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бірлік құны бағасын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл өзгерістер енгізілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды жариялау барысында сатып алынатын тауар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің бағасын республика бойынша орташа бағадан жоғары белгілеуге рұқсат берілмейді.

2) Сатып алынатын тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет бойынша төмен бағаны айқындау мақсатында «Бағалар модулі» функционалына қажетті бағаны веб-порталмен автоматты түрде анықтау мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұл өзгерістер енгізілген жағдайда, орташа баға тек веб-портал анықтайды.

3) «Бағалар модулі» функционалындағы сатып алынатын тауар, жұмыс, көрсетілетін қызметтің бағасын инфляция деңгейін ескере отырып, айына бір мәрте автоматты түрде өзгерту жағдайын қарастыру қажет.

4) Мемлекеттік сатып алу веб-порталының «Бағалар модулі» функционалын «О-Маркет» порталымен және статистика органдарының ақпараттық жүйелерімен интеграциялау керек.

3-мәселе. Бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру рәсімдерін жүйелеу.

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімдерін бір орталықтан жүзеге асыру туралы шешім жүзеге асырылған күннен бастап тапсырыс берушілерге түсетін жүктеменің және саладағы әкімшілік жауапкершілік көлемі төмендеуде.

Атап өтетін жайт, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыста енетін жаңа Мемлекеттік сатып алу туралы сәйкес Қаржы министрлігінің бақылаушы орган ретіндегі рөлі қайта қаралып, шағымдарды қарау тетігі конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік органға беріледі.

Яғни, конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік органға мемлекеттік сатып алуды өткізу және оларға мониторинг жүргізу функциясынан бөлек шағымдарды қарау және оларға тыңдалым өткізу жүктемесі қосылады.

Сонымен қатар, Жаңа Заңда тапсырыс берушілерге 100 АЕК аспайтын тауарларды және 500 АЕК жұмыстар мен қызметтерді, ал кент және ауылдық округ әкімдеріне 4 мың АЕК аспайтын сатып алуларды бір көзден жүргізу мүмкіндігі берілген. Ал, оларға сатып алуды бір көзден жүзеге асыруға құқық беретін айрықша жағдайлардың болу талабы алынып тасталды.

Дегенмен, келесі жылдан бастап тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу тек қана форматтық-логикалық бақылауды ескере отырып жүзеге асырылады.

Яғни, тапсырыс беруші бір көзден сатып алуды жүзеге асыру қажеттілігін растайтын құжаттарды ұсына отырып, Қаржы министрлігіне хат жолдауы тиіс.

Бұл ретте, Қаржы министрлігі тарапынан ұсынылған құжаттардың негізінде оң қорытынды берілген жағдайда ғана тапсырыс берушілер тікелей бір көзден шарт жасасуға мүмкіндік алады.

Бүгінгі күні республика көлемінде 27 880 тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталына тіркелген.

Бұл өз кезегінде, елімізде тіркелген 27 880 тапсырыс беруші бір көзден сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді форматтық-логикалық бақылаудан өткізу бойынша Қаржы министрлігіне бір мезетте хат жолданған жағдайда, уәкілетті органға түсетін жүктеме артуы мүмкін.

Ал, жүктеме көлемі артқан жағдайда, уәкілетті орган тарапынан әркелкі шешім қабылдануы мүмкін және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің артуына алып келеді.

Қаржы министрлігіне түсетін жүктеменің көлемін азайту және мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында тапсырыс берушілермен форматтық-логикалық бақылауға жолданатын мәліметтерді зерделеу функциясын орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік органға беру қажет.

Аталған өзгерістер енгізілген жағдайда, орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік орган тапсырыс берушілермен ұсынылған құжаттарды және олармен айқындалған өнім берушілердің біліктілік талаптарына сәйкестілігі зерделеніп, нәтижесінде Қаржы министрлігіне тек қана оң қорытынды алынған өтінімдер жолданатын болады.

Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары шеңберінде тапсырыс берушілердің өтініштерін қарау тәртібін бекіту және қағазбастылықты болдырмау мақсатында мемлекеттік сатып алу веб-порталында тиісті функционалды белгілеуді қажет деп санаймын.

Бюджетті жоспарлау мен игеру және мемлекеттік сатып алуды тиімді жүзеге асыру бойынша келесідей SWOT талдау жүргізуге болады



Қорытынды:

Қорытындылай келе, бюджетті игеру, бюджетті жоспарлау процестерін жасанды интелекті негізіндегі құралдардың көмегімен автоматтандыру қажет.

Ал мемлекеттік сатып алудың бір көзден сатып алу тәсілін тек айрықша жағдайларда қолдануды қамтамасыз ету мақсатында барлық негіздер бойынша форматты-логикалық бақылау енгізуді ұсынамын.

Бюджеттік қатынастар сатылы түрде автоматтандырылған жағдайда, саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелі азаяды және бюджет қаражатын жымқыруы фактілері болмайды деп есептеймін.

Пайдаланылған дереккөздер/әдебиеттер:

1. <https://kz.kursiv.media/kk/2024-07-23/sbn-sot-ukimi/>
2. <https://azattyq-ruhy.kz/society/69583-astanada-mektep-bukhgalterleri-130-mln-tenge-zhymkyrgan>

3. <https://malim.kz/article/kukyk/agtobede-mektep-buxgalterleri-22-million-tengeden-astam-qarzyny-zymqyrgan-21932>
4. <https://azattyq-ruhy.kz/society/76688-atyrauda-ush-mekteptin-bukhgalterleri-80-mln-tengeden-astam-biudzheth-karzhysyn-zhymkyrgan>
5. Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14E0010007>
6. Мемлекеттік сатып алу веб-порталы - <https://goszakup.gov.kz/>